



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 29 тамыз

Инфляцияның 2018 жылға арналған нысаналы бағдары 5-7% деңгейінде айқындалды – Ұлттық Банк

Инфляцияның 2018 жылға арналған нысаналы бағдары 2020 жылға қарай 4%-ға дейін және одан төмен біртіндеп төмендеумен және қаралып отырған кезең – 2022 жылдың соңына дейін осы деңгейде сақтала отырып 5-7% деңгейінде айқындалды. Бұл туралы бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында баяндама жасап, хабарлады.

Оның айтуынша, «Ұлттық Банктің болашақ инфляцияны және халықтың инфляциялық күтулерін бағалауы инфляцияның нысаналы шекте орнықты болатындығын көрсетеді».

«Ұлттық Банктің саясаты экономикалық өсудің нысаналы өлшемдеріне қол жеткізуде Үкіметтің шараларына ықпал етеді. Атап айтқанда, базалық мөлшерлеме деңгейі нақты көрсетуде экономикалық өсудің ұзақ мерзімді қарқындарымен салыстырмалы деңгейде, яғни 4%-дан жоғары емес болады, – деп жалғастырды Д. Ақышев. – Соның салдарынан, біріншіден, теңгенің нақты бағамы отандық өнім берушілердің бағаға бәсекеге қабілеттілігін сақтауды қамтамасыз етеді, екіншіден, экономика үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігі артады».

Қазақстан Ұлттық Банкі еркін өзгермелі айырбастау бағамы саясатын жалғастырады – Д. Ақышев

Ұлттық Банк валюталық саясат саласында еркін өзгермелі айырбастау бағамы саясатын жүргізуді жалғастырады. Бұл жөнінде бүгін ҚРҰБ Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында сөз сөйлегенде хабарлады.

«Теңгенің серпіні іргелі факторлар – төлем балансының жай-күйі, мұнайдың әлемдік бағасы және сауда әріптес елдердегі валюталардың бағамдары негізінде айқындалады, бұл теңгерімсіздікті болдырмауға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Д. Ақышев.

Ол «2017 жылдың бірінші жартыжылдығындағы төлем балансы көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруы қазақстандық экспорттың позицияларына әлемдік бағалар тұрақты болған кезде бағамдық саясат үшін одан әрі тәуекелдерді төмендететінін» атап өтті.

Д. Ақышев жуырдағы жылдары қаржы нарығын дамыту шаралары туралы айтып берді

Қаржы нарығында Ұлттық Банк Басқармасы қабылдаған Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы іске асырылады. Онда ірі банктердің капиталына қайтарымды негізде реттелген борышты беру көзделген. Бұл туралы бүгін селекторлық режимдегі ҚР Үкіметінің отырысында баяндамамен сөз сөйлей отырып, ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Оның айтуынша, «банктердің капиталын шектеу артық өтімділікке қарамастан кредит ұсынысын шектейтін маңызды фактор болып табылады».

«Бағдарламаға қатысудың негізгі талабы банктер акционерлерінің қаржы институтын теңбе-тең қосымша капиталдандыру бойынша келісімі, активтердің сапасын жақсарту және кредиттік белсенділікті жаңарту, – деп жалғастырды Д. Ақышев. – 5 жыл бойы банктердің жұмыс істемейтін қарыздарының көлемі 1 трлн. теңгеден астам сомаға қысқарады. Бұл банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығы мен орнықтылығын күшейтеді, сондай-ақ басым салаларға жаңа қарыз берудің кемінде 300 млрд. теңге мөлшерінде жыл сайынғы өсуін қамтамасыз етеді».

Ол сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын одан әрі реформалау үшін эмитенттер мен инвесторлардың қызметін ырықтандыру, нарықты реттеуді барынша жеңілдету жалғастырылатынын айтып берді. Сонымен қатар қор нарығының инфрақұрылымын жетілдіру және жаңа технологиялар ендіру жалғасады.

«Сақтандыру секторы бөлігінде ерікті және міндетті сақтандыру саласындағы заңнамаға, сондай-ақ сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылардың және инфрақұрылымдық ұйымдардың қызметіне өзгерістер енгізу жоспарланып отыр», – деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz